

**БЕКІТІЛДІ**  
**Атырау облыстық**  
**Фтизиопульмология**  
**орталығының директоры**  
**Б.З.Газизов**

**23 наурыз 2025 жыл**

Мекемсіздеген директордың жөні бекітілген күні,

көлі мен мері

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ  
САЯСАТ**

Атырау, 2025 жыл

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер
2. Терминдер мен анықтамалар
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымактастық
6. Алдын алу шаралары және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
7. Мұдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібі
8. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер жасау туралы хабарлама
9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтіктерге-тексерулер
10. Жауапкершілік
12. Корытынды ережелер

## **1. Жалпы ережелер**

### **1.1. Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі Саясат) Қазақстан**

Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа карсы заңнамасына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңы, «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейір жарлықтарының өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы) әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын белгілейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осы саясаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

### **1.2. Бұл саясат мыналарды белгілейді:**

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы максаттар мен міндеттер;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;

5) осы Саясатты сактау үшін жауапкершілік.

1.3. Осы саясаттың негізгі максаты сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және езінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде алалдық пен Сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті калыптастыру болып табылады.

### **2. Терминдер мен анықтамалар**

**Қызметкерле-енбек катынастарында тұратын кез келген жеке тұлға.**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - лауазымды адамдардың өз өкілеттіктерін шегіндегі қызметі:**

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) бойынша;

- сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың зардантарын жою (сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес) бойынша.

**Сыбайлас жемқорлыққа карсы саясат -** сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

**Сыбайлас жемқорлыққа карсы стандарттар -** мекеменің қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсылымдар жүйесі;

**Сыбайлас жемқорлық тәусекелеріне ішкі талдау -** сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

**Мұдделер қақтығысы -** лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындаудына экен соғы мүмкін;

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі -** сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу -** жүйені, алдын алу шараларын әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа карсы мониторинг.

## **3. Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл саласындағы міндеттер**

### **3.1. Саясат келесі міндеттерді шешуді көздейді:**

- сыйбайлас жемкорлыкка қарсы іс-кимыл саласында бірыңгай саясат жүргізу;
- қогамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің кез келген сыйбайлас жемкорлық көріністеріне мүлдем тәзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- лауазымды адамдар мен қызметкердің, сондай-ак ушінші тұлғаларды сыйбайлас жемкорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту;
- сыйбайлас жемкорлыкка қарсы заңнаманы, сондай-ак қогамның сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы қызметтің регламенттейтін ішкі нормативтік күжаттарды катаң сактауга тәрбиелеу;
- ішкі нормативтік күжаттарында сыйбайлас жемкорлық факторларының болуына жол бермеу;
- жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде ашыктықты, адаптациялықті және объективтілікті қамтамасыз ету.

3.2. Ереже атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне қарамастан қолданылатын жалпыға міндепті нормалар мен қағидаларды қамтиды.

#### **4. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттары**

##### **4.1. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттары:**

**-сыйбайлас жемкорлықтың кез келген көріністеріне нолдік тозімділік** - қызметті жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыйбайлас жемкорлықты толық қабылдамау қағидаты. Сыйбайлас жемкорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем тәзбеушілік қағидаты лауазымды адамдар және олар үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалық арқылы сыйбайлас жемкорлық әрекеттеріне катастыру қатаң тыйым салуды білдіреді;

**-басшылықтың бейілділігі** - басшылық сыйбайлас жемкорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерге ымයырасыз катынасы туралы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуге, сактауга және іске асыруға тиіс;

**-қызметкерлердің тарту** - лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер КР Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етіледі және олардың сыйбайлас жемкорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді катысуын қолдайды;

**-жазаның бұлтартпастығы** - атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзінің лауазымдық міндептерін аткару кезінде сыйбайлас жемкорлық әрекеттер жасаган жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

**-заңдылық** - КР Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамасын катаң сактайтын және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

**-тиісті сактық** - іскерлік/енбек катынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында ушінші тұлғалар мен жұмыска орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыйбайлас жемкорлықты қабылдамау және мұдделер қактығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

**-өзара іс - қимыл және үйлестіру** - сыйбайлас жемкорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-кимылды және ынтымактастықты, сондай-ак сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл процесінде іс-кимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

#### **5. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымактастық**

5.1. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті мемлекеттік органдармен, әріптестермен, тұтынушылармен келесі максаттарда ынтымактасады:

- сыйбайлас жемкорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы акпарат беру;

- сыйбайлас жемкорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу жүргізу кезінде

жердемдесу;

-сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауга катысы бар адамдарды, олардың орналаскан жерін анықтау;

-сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасы және оларға карсы күрес жөніндегі қызметті үйлестіру;

-сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде алынған мұлікті немесе оны жасау куралы ретінде қызметшіні анықтау.

## **6. Алдын алу шарапалары және жемқорлықка карсы іс-кимыл**

6.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін қызметтің бағыттары.

1) сыйлыктар және Өкілдік шығындар;

2) сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту;

3) жауапты мемлекеттік лауазымды аткаралын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға үәкілдептік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тенестірілген адамдарға төлемдер;

4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсіту;

5) активтерді сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер жасау;

6) персоналды басқару;

7) ішкі құжаттардың каржылық және Заң сараптамасы.

6.2. Сыйлыктар және Өкілдік шығындар.

6.2.1. Іскерлік сыйлыктармен алмасуды және оқілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік конактайлылықта арналған шығыстарды жүзеге асыруды бизнесі жүргізуінде жақетті болігі және жалпы кабылданған іскерлік практика деп танымайды.

Іскерлік карым-қатынастардағы адалдық пен ашықтық атмосферасын сыйлыктарсыз және іскерлік конактайлылықсыз қолдайды.

6.2.2. Қызметкерлерге, сыйлыктар болған жағдайда кез келген сыйлыктар/іскерлік конактайлық белгілері/өкілдік шығыстарын ұсынуға, уәде беруге, сыйға тартуға, ұсынуға, талап етуге, сұрау, кабылдау осындай іс-әрекеттер тыйым салынады:

- қызметті сактауга, кенейтуге немесе онтайландыруға немесе қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдер кабылдауға ірікten әсер етуін тікелей немесе жанама максаты бар, егер осы іс-әрекеттерсіз қолайлы салдардың басталуы аз шынайы болыш көрінсе;

- үйымның атынан емес, қызметкердің атынан беріледі;

- сыйлыктар немесе Өкілдік шығындар, немесе конактайлылық туралы ақпаратты ашкан жағдайда үйым мен оның қызметкерлері үшін бедел немесе озге де тәүсекел тудырады;

- қолма-қол немесе қолма-қол емес акша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болыш табылады немесе акша қаражатының және/немесе сән-салттанат заттарының өзге де түрлері немесе баламалары болыш табылады;

6.2.3. Жүзеге асырылатын сатып алудын кез келген әлеуетті катысушысынан сыйлыктар мен конактайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыкка немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұла немесе қоғам қызметкери сыбайлас жемқорлықка карсы комплаенс жүзеге асыратын тікелей басшымен немесе қоғамның қауіпсіздік белімшесінің басшысымен көнеспен көрек.

6.3. Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту.

6.3.1. КР Сыбайлас жемқорлыққа карсы зацнамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе қоғам үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін тұгызатын әрітестермен үшінші тұлғаларды тартудан және бірлескен қәсіпорындарға катысудан тартынады.

6.3.2. Ұшінші тұлғалармен іскерлік ынтымактастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға катысу туралы шешім кабылданар алдында ұшінші тұлғаларды тартуга бастамашы болатын тиесті құрылымдық бөлімшелері келесі шараларды кабылдауға тиіс:

- ұйым қызметінің бағыттарын регламенттейтін ішкі нормативтік күжаттарда белгіленген рәсімдерді қатаң сактау;

- мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы қызметте сыйбайлас жемқорлықтың ықтимал көріністері туралы бірлескен жобалар бойынша серіктестер туралы жалпына қолжетімді аппаратты жинауды жүзеге асыру:

а) өзінің Сыйбайлас жемқорлықка қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуы туралы мәліметтер алу, әріптестің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кімнің саласында өзара ынтымактастықты жүзеге асыруға дайындығы;

б) іскерлік беделді және мұдделер қактығысының болмауын тексеру;

в) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және озге де берешектің болуы тұрғысынан мәліметтер, сондай-ақ шешім кабылдау үшін қажетті басқа да мәліметтер алу.

6.3.3. Ұшінші тұлғалармен және бірлескен жобалар бойынша серіктестермен олардың тарапынан сыйбайлас жемқорлық көріністері анықталған жағдайда мәмілелерді бұзу құқығын өзіне калдырады.

6.3.4. Осы Саясаттың қағидаттары мен таланттары туралы бірлескен жобалар бойынша ұшінші тұлғалар мен серіктестерді хабарлар ету.

6.3.5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдердің бірлескен жобалары, сондай-ақ мінез-кулық стандарттары бойынша ұшінші тұлғалар мен серіктестердің кабылдауын күттайды.

6.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тәсестірліген адамдарға төлемдер.

6.4.1. Коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға тәсестірліген адамдар, олардың жақын туыстары үшін кез келген шығыстарды, онын ішінде көлікке, тұруға, тамактануға, жүріш-тұруға арналған шығыстарды төлеуді дербес немесе оз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды.

6.4.2. Лауазымды адамдар мен қызметкерлері мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-кімнің кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

6.5. Демеушілік және кайырымдылық көмек көрсету.

6.5.1. Мемлекет, ұйымдар оқілдерінің немесе өзге де адамдардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе онтайландыруға әсер ететін шешімдер кабылдауына ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек объектівті түрде осындағы ықпал ету әрекеті регионде кабылданса, тікелей немесе жанама мақсатта қайырымдылық, демеушілік және каржылық көмек көрсеттейді.

Кайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге шығыстар туралы аппарат ашық болуга тиіс.

6.5.2. Лауазымды адамдар мен қызметкерлерге өз атынан кайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыбын салмайды.

6.6. Инвестициялық қызмет шенберінде мәмілелер жасау, активтерді және өзгс де мәмілелерді сатып алу және иеліктен шығару.

6.6.1. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару бойынша мәмілелерді жоспарлау, осы мәмілелердің орындылығы туралы алдын ала шешім кабылдау кезінде

кешенді тексеру, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің болу белгілерін анықтау мақсатында сенімділікті тексеру жүргізеді. Осы тексерудің нәтижелерін басшылық болжамды мәмілені жүзеге асыру туралы түскілікті шешім қабылдаған кезде карайды.

6.6.2. Егер тексеру нәтижелері бойынша мәміле аяқталғаннан кейін сатып алынатын сыйбайлас жемқорлық тәуекелі және онымен ұштасқан әлеуетті экономикалық және беделдік заал мәміледен экономикалық пайдадан асып түскен жағдайда, мұндай мәмілені жасау туралы шешімді басшылық қабылдайды.

### 6.7. Персоналды баскару.

6.7.1. Кадрлық шешімдер кабылдау кезінде объективтілік және адальық қагидаттары ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында:

- белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын әзірленеді және бекітіледі;

- енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында олардың сенімділігі және мұдделер қактығысының болмауы түргысынан жұмыска орналасуға кандидаттарды тексеру жүзеге асырылады;

- өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйакы төлеу жүргізіледі;

- қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігінс карай жоғары тұрган лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылданады;

- КР заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен енбек қатынастарын бұзу рәсімі жүзеге асырылады.

6.7.2. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер лауазымға тағайындау немесе енбек қатынастарын жалғастыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы шектеулерді қабылдауга келісім нысаны бойынша сыйбайлас жемқорлыққа карсы шектеулерді қабылдайды.

6.7.3. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің сыйбайлас жемқорлыққа карсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуга не лауазымнан шығаруга әкеп соғады, оларды сактамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

### 6.8. Ішкі күжаттардың каржылық және Заң саралтамасы.

Ішкі нормативтік күжаттарының, оның ішінде оларда сыйбайлас жемқорлық көріністері үшін себептер мен жағдайлар жасауга ықпал ететін ережелердің болуы мәніне бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік күжаттар жобаларының каржылық және Заң саралтамасы және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

## 7. Мұдделер қактығысын болғызбау және реттеу тәртібі

### 7.1. Лауазымды адамдар мен қызметкерлер:

- мұдделер қактығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау.

- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде үйым мұдделерін басшылыққа алу және олардың жеке мұдделері қоғам мұдделеріне қайши келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулак болу. Мұдделер қактығысы туындаған жағдайда (немесе оның пайда болу мүмкіндіктері) осы акпаратты тікелей басшысына не жоғары тұрган басшылығына жазбаша нысанда жеткізу.

7.2. Мұдделер қактығысын болғызбау немесе реттеу мұдделер қактығысы тарапы болып табылатын қызметкерлердің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын озгертуден, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуден және (немесе) мұдделер қактығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

## 8. Сыйбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер жасау туралы хабарлама

8.1. Егер лауазымды адам немесе қызметкер жасайтын сыйбайлас жемқорлық әрекеті орын алғаны туралы кандай да бір куәлік болса, бұл туралы сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жүзеге асыратын болімшесіне не өзінің тікелей немесе жоғары тұрган баспышына дерсүйе хабарлау керек.

8.2. Қызметкерлер өзге қызметкер, сондай-ак үшінші тұлға сыйбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауға итермелуе фактілері туындаған жағдайда және/немесе қызметкерді сыйбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауга көндіруге катысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы акпараты бар болса, сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс жүзеге асыратын болімшесін дерсүйе хабарлар етуге міндетті.

### **9. Сыйбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды қызметтік тергеп тексеру.**

9.1. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тиісті құрылымдық белімшелерінің катысуымен тексеру не қызметтік тергеу жүргізіледі.

9.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық фактісі аныкталса, сыйбайлас жемқорлықтың кез келген коріністеріне мүлдем төзбеушілік кагидатын негізге ала отырып, еңбек катынастарын бұзута және материалдарды тиісті уәкілдегі мемлекеттік органдарга беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

### **10. Жауапкершілік.**

10.1. Қызметкерлер осы Саясат талаптарының мұлтіксіз орындалуына жауапты болады.

10.2. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған лауазымды адамдары мен қызметкерлері, заңды құшине енген КР соты шешімінсіз, келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

10.3. Саясат талаптарының бұзылуы қызметкердің мәртебесімен үйлеспейтін іс-әрекет ретінде қарастырылуы және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін.

10.4. Саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл саласындағы сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

10.5. Қызметкерлер өзінің осы саясатты адал орындау міндеттемесін раставуға міндетті.

### **11. Қорытынды ережелер**

11.1. Осы саясатты қолданыска енгізу мерзімі басшылық бекіткен күн болып есептелсін.

11.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ак ІНК-на өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертулуге жатады. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды басшылық бекітеді.